

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 27 қазандағы № 263 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 7 қарашада № 4357 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңы 27-бабының 3-тармағына, 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының аумағында ауылдық округ әкімдігіне кандидаттарға үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орын белгілеу және таңдаушылармен кездесулер өткізу үшін үй-жай ұсыну туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 11 сәуірдегі № 89 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2017 жылғы 11 мамырда № 4179 тіркелді, 2017 жылғы 17 мамырда электронды түрде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланды);

2) "Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттар үшін Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орын белгілеу және таңдаушыларымен кездесу өткізу үшін үй-жай ұсыну туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің 2017 жылы 25 мамырдағы № 139 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2017 жылғы 06 маусымда № 4231 тіркелді, 2017 жылғы 08 маусымда электронды түрде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланды).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімі аппаратының басшысы М.Т. Дүйсембаеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданының әкімі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың аудандық сайлау

Д. Байтөлешов

комиссиясының төрайымы
2017 жылғы 26 қазан

О. Плищенко

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК